

**8D01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
 «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы
 балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау»
 тақырыбындағы орындалған Ақынова Жібек Мұхтарқызының
 диссертациялық жұмысына
 ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты,
 М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің п.ғ.к., доцент
 Керимбаева Рысты Қалдыхановнаның**

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін даярлауда, оларды нақты әрекетке дағдыландырып, заманның даму қарқыны мен өзгерістеріне бейімделе алатын маман тұлғасын қалыптастырудың маңызы зор. Қазіргі жаһандану заманында жаңа ғасыр балаларын тәрбиелеуге болашақ педагогтерді даярлау мәселесі, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында белгіленген міндеттерді шешуге бағытталған. Осы тұрғыда, диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар талабына сәйкес.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-	Диссертация Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаевтың халыққа Жолдауы, Қазақстан Республикасындағы білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттің бағдарламасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің» стандарты аясында орындалған.

		техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. Қазіргі қоғамның талаптарына сай болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы баланың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесі жеткілікті дәрежеде зерттелмегені белгілі. Диссертацияның теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы, оның практикалық маңызының анықталуы, моделінің құрылуы, зерттеу жүйесінің маңызды екендігін көрсетеді. Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады, жұмыстың теориялық және практикалық маңыздылығы жақсы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Ж.М.Ақынованың орындалған ғылыми зерттеу жұмысы дербес, өзекті, толық аяқталған болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы, құрылымы сақтаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінің сұраныс талаптарына сай, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау теориялық негіздерінің зерттелмеуі; ертегі терапиясын қолданудағы субъект-субъект қарым-қатынасының педагогикалық-психологиялық тұрғыда зерделенбеуі; балалардың сөйлеу әрекетіне ертегілер әсерінің қуаттылығына қарамастан осы мүмкіндіктерді ертегі терапиясы тұрғысынан пайдалануға болашақ педагогтерін дайындығының жеткіліксіздігі; оқыту технологиялары

		көп болғанымен, ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға болашақ педагогтерді даярлаудың мазмұны, формалары мен әдістері жасалмағандығы арасындағы қарама-қайшылықтарды жою диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін негіздейді.
4.2	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді.
4.3.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға дайындауды ғылыми-теориялық негіздеп, жұмыс практикасында қолданудың мазмұны мен әдісі, технологияларын әзірлеумен сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатты нақтылай келе, -субъект-субъектілік қатынас негізінде балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық тұстарының сипаттамасы; -ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру түсінігіне талдау беру; -мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі; -болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудың элективті курс бағдарламасын түзу және оның тиімділігін тәжірибе арқылы тексеруден өткізіп, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеумен сәйкес келеді.
4.4.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық

		<p>құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, эксперименттің анықтау және қалыптастыру кезеңдерінің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау мәселесі теориялық-әдіснамалық негіздері; зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі; тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертант болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау мәселесін зерттеу барысында теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>1-нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға дайындау мәселесіне субъект-субъектілік қарым-қатынас негізінде психологиялық-педагогикалық тұрғыда сипатама берілген;</p> <p><i>2-нәтиже – жаңа.</i> Ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру түсінігіне берілген теориялық талдау берілді;</p> <p><i>3-нәтиже – жаңа.</i> Мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың педагогикалық мүмкіндіктері қарастырылып,</p>

			<p>танымдық, мотивациялық, іс-әрекеттік компоненттері белгіленді. Ұстанымдар мен тұғырларына негізделген өлшемдері, көрсеткіштері, әдістерінен тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің жанадан жасалуымен сипатталған;</p> <p><i>4-нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау элективті курс бағдарламасы түзілген, сол негізінде жүзеге асырылған тәжірбиелік жұмыстың нәтижелері математикалық және статистикалық есептеу жолдары арқылы дәлелдеп көрсетілген және ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ж.М.Ақынованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары деп төмендегілерді айтамыз:</p> <p>-болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға дайындауда субъект-субъектілік қарым-қатынас негізінде психологиялық және педагогиканың теориясы тұрғысынан қарастырылған;</p> <p>-ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру түсінігіне теориялық талдау берілген;</p> <p>-мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлаудың моделі жасалған;</p> <p>-болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға</p>

			даярлаудың элективті курс бағдарламасы жасалған, оның тиімділігін тәжірибе жұмыстары арқылы тексерілген және ғылыми негізделген ұсыныстар жасалған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы ізденушінің жұмысы бойынша жарияланымдарының сәйкестігімен дәлелденеді. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша барлығы 8 ғылыми жұмыс жарық көрген. ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің тізіміндегі басылымдарда 3 мақала, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымда, 4 халықаралық конференция материалдары жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	7.1 Қағидат бойынша 4 нәтиже дәлелденген. 7.2 Қорғауға ұсынылған қағидалар тривиалды емес. 7.3 Ұсынылған қағидалар жаңа. 7.4 Қағидаттардың қолдану аясы кең. 7.5 Мақала ғылыми басылымдарға жарыққа шығып, дәлелденген.

		2) орташа; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ; 2) жок	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Жұмыстың әдіснамасы нақты негізделіп жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жок	Теориялық қорытындылар анықталған, өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеумен дәлелденген.
		8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.

		8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Жұмыста шетелдік және отандық 180 әдебиет пайдаланылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңыздылығы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау мәселесі әдіснамалық, теориялық тұрғыда негізделген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар, нәтижесінде әзірленген әдістемелік кешенді – «Мектеп жасына дейінгі баланың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ертегі терапиясын қолдану технологиялары» атты элективті курс, «Ертегі терапиясы» атты құрастырылған ертегілер жинағы, «Magic book» әдістемелік құрал, «Қазақ ертегілер» жапсырмасын пайдалануға болады. Сондай-ақ зерттеу жұмысының тәжірбиелік бөлімінде берілген сабақтардың мазмұнын және соған сәйкес жасалған оқу – әдістемелік құралдарды мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс практикасында пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Ізденуші Ақынова Жібек Мұхтарқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін ертегі терапиясы арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға даярлау» тақырыбында орындалған диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің және «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес дербес орындалған және мектепке дейінгі ұйым мамандарын даярлаудың теориялық және колданбалы міндеттерін шешуге елеулі үлес қосатын іргелі ғылыми зерттеу жұмыс болғандықтан, 8D01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент,
М.Х.Дулати атындағы Тараз
өңірлік университетінің
доценті, п.ғ.к.



Р.К.Керимбаева

Р. Керимбаевадан растаймын
«Дулати университеті» КЕ АҚ
Персоналды басқару қызметі
« 10 » 05 20 23 ж